

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 119 – 121

## ARBITRARY DECREE OF THE KAZAKH BIYS

D. Tursynkulova

Candidate of Jurisprudence, Associate Professor of Department of the Theory and History of State and Law,  
Constitutional and Administrative Law, Law Faculty, Al-Faraby KazNU

**Keywords:** customs, legal custom, legal civilization, crime, punishment, marriage, family, law, legacy, sources of law.

**Abstract.** In this paper it is disclosed a system of power-making of Kazakh biys as one of the main sources of the traditional law of the Kazakhs and also considered its content side. The article also analyzes the essence of arbitrary decree the biys.

The author pays special attention to support and realization of these decisions. Basic findings and position of the author may be used in the development of the legal heritage of the Kazakh people, to increase the role of the Kazakh customary law in modern times.

## ҚАЗАҚ БИЛЕРІНІҢ ҮЛГІЛІК БИЛІКТЕРІ

Д.А. Турсынкулова

заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультеті, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доненті

**Түйін сөздер:** әдет-ғұрып, құқықтық әдет-ғұрып, құқықтық өркениет, сот прецеденті, құқық, заң, құқықтың қайнар көзі.

**Аннотация.** Жұмыста дәстүрлі қазақ құқығының негізгі қайнар көздерінің бірі, қазақтың белгілі билерінің үлгілі билік-шешімдерінің жүйесі тұтастай алынып, оның мазмұны ашылып қарастырылады. Сонымен қатар, үлгілі билік-шешімдердің, қазақ әдет құқығының негізгі қозғаушы күші болғаны көрсетіледі.

Сондай ақ мақаланың авторы қазақ әдет құқығындағы үлгілі билік-шешімдер қазақ әдет құқығының өміршеңдігін қамтамасыз етумен қатар, оның шынайы жүзеге асуының көрініс болып табылғандығына аса назар бөледі. Автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындыларын қазақ халқының құқықтық мұраларды жаңғырту ісінде, үлгілі билік-шешімдердің қазақ әдет құқығының қайнар көзіне айналмағанда, біз дәстүрлі қазақ құқығының осыншама, ғасырлық тұрақтылығын және өресінің кең болатындығын көре алмайтындығымыз паш етілген.

Дәстүрлі қазақ құқығының негізгі қайнар көздерінің бірі, қазақтың белгілі билерінің үлгілі билік-шешімдері болып табылды. Үлгілі билік-шешімдер жүйесі тұтастай алып қарағанда, қазақ әдет құқығының негізгі қозғаушы күші болып табылды. Үлгілі жүйе арқылы ғана қазақ әдет құқығы қоғамдық өмірге тікелей араласумен қатар, қоғам талабына бейімделіп, өзгеріп те отырды. Үлгілі билік-шешімдер қазақ әдет құқығының өміршеңдігін қамтамасыз етумен қатар, оның шынайы жүзеге асуының көрініс болып табылды. Әлем тәжірибесінде де прецеденттік құқық қолданылғандығын біз білеміз, оның ішінде сот прецеденті кеңінен қолданылды. Кейбір жағдайда ғалымдар оны сот үлгілі ісі деп те атайды. «Сот үлгі ісі (сот прецеденті) – мемлекеттің өзі жалпыға бірдей міндетті күші бар деп мән берген ұқсас істерді шешуде үлгі бола алатын соттың нақты іс бойынша қабылдаған шешімі.

«Сот үлгі ісі» Англияда, АҚШ-та, Үнді елінде және басқа да мемлекеттерде кеңінен қолданылады. Мұның өзі ұқсас болып келетін басқа істерді шешуде эталон (үлгі ретіндегі өлшеуіш) болып табылатын соттың сәтті, әділ қабылдаған шешімі» [1, 123 б]. Қазіргі кезеңде де, Ұлыбританияда прецеденттік құқық кеңінен қолданылатындығын, уағыздалатындығын тәжірибеден білеміз.

Дәстүрлі қазақ қоғамында да, жоғарыда айтып өткеніміздей, прецеденттік жүйе кеінен қолданылумен қатар, оны жасаушы күшке айналып отырды. «Яғни билер сотының шешімі тек әділеттілікке негізделген

және құқық жасау сипатына ие болған. Бір сөзбен айтқанда, нақтылы істі шешу қағида, нақыл сөздер, норма, сот прецеденті ретінде ел арасында тарап, болашақта осындай ұқсас іс, дау-жанжал болғанда қолданылып отырған» [2, 66 б]. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы үлгілі билердің шешімі қағида, нақыл сөз ретінде кейбір жағдайда мақал ретінде атадан балаға тарап отырған болатын. Үлгілі билік-шешімдердің дәстүрлі қазақ құқығында жіктелуін Б.Ж. Қуандықов былай деп көрсетеді: «Қазақтың дәстүрлі құқық жүйесінде билердің үлгілі биліктерінің қолданылу сипатына байланысты үлгілі биліктердің екі түрін ажыратып көрсетуге болады:

1. Билердің қағидалық үлгілі биліктері.
2. Нақты үлгілі биліктері» [3, 125 б].

Қазақтың белгілі билерінің үлгілі билік шешімдерін жоғарыда көрсетілген жіктеумен келісе отыра, үлгілі билік-шешімдердің атадан, балаға тарауының негізгі мәні, олардың көп жағдайда, әділеттілік қағидасымен қабысып жататындығында деп есептейміз.

Қазақтың белгілі билерінің билік-шешімдері бізге аңыз формасында болса да, жетіп отырған болатын. Үлгілі билік-шешімдерді талдап қарайтын болсақ, оның ішінде өте бір маңызды да мәнді сипаттағы философиялық тұжырымдардың көрініс тапқандығын аңғарамыз. Қазақтың белгілі билерінің үлгілі билік-шешімдерінің кейбіріне тоқталып өтетін болсақ, мысалы: «Тәуке ханның билігін үш жүздің қалай қолдағанын бейнелейтін бір мысал мынандай. Төле би шідер ұрлап қолға түскен бір ұрыға ұрланған шідердің үш тармағын үш аттың аяғына салдырып «енді осы үш атты үш жаққа ұрып айда, егер аттар шідерді үзіп босанып кетсе, айыптан азатсың, ал шідер үзілмесе, үшеуін біріктіріп ұстаса, онда ол үш тармақты шідер емес, үш ердің қызметін атқарғаны онда бір тармағы бір бесті айып төлейсің» деген үкім айтады. Әрине, мықты қайыстан жұмырлап өрілген шідерді аттар үзіп кете алмайды, ұры бір шідер үшін үш ат төлеп құтылады. Төленің бұл билігін қазақтар да, қазақтың әдет заңын зерттеген орыс оқымыстылары да «даналық шешім» деп бағалайды» [4, 497 б]. Қазақ қай заманда болмасын аталы сөзге тоқтаған халық. Сондықтан да, болар билік айту тек қана сақа билердің ерекше құзыретіне жатып қоймады. Сонымен қатар, ақылы асқан жеткіншектерде ондай істерге араласып отырды. Оған сөзімізге дәлел ретінде мынаны келтірсек болады: «Шу өзенінің жайлымына аргын мен үйсін рулары таласып, дауга аргын жағынан тобықты Құнанбай, үйсін жағынан ысты Бақтыбайдың баласы он төрт жасар Сары Әжібек шығады. Баланы көргенде, сөйлесуге менсіпбей Құнанбай: «Ата тұрып сөйлегеннен без, байы тұрып қатыны сөйлегеннен без», – деуші еді. Қарсы отырған мына бір бей әдеп балаң кім?, – дейді.

Сонда Сары Әжібек шешен былай депті:

Мен Ұлы жүздің белгілі Сарысымын,  
Бақтыбайдың мандайындағы дәрісімін.  
Мандайымның бағы бар,  
Таңдайымның дағы бар.

- Ал, сіз өзіңіздің кім екеніңізді білесіз бе? Не аргын емес, не найман емес, ат төбеліндей тобықтылығың тағы бар, оң көзіңнің ағы бар сен дуана басы болып билік айтқанда, менің үйсіннің сөзін айтпайтын не кемдігім бар?

Құнанбай сөзден тосылып: «Қой асығы қолына жақса сақа тұт, бала да болса ақылы асса аға тұт», – деуші еді, бала сөзіне қандым, енді ағалық билігіңді айт», деген екен.

- Сары табақтан сарқыт қайтар. Билігін маған берсең, бәрін бауырыма тартпаймын. Шу өзенінің сол жағын үйсін, оң жағасын аргын жайласын, – деп төрелік айтыпты Әжібек» [4, 499-500 бб]. Қазақтың қаншама деген белгілі билері үлгілі сөз айтудың дәстүрін қалыптастырды. Осы жолды Ақтайлақ би де кезінде жалғастырган болатын. Ақтайлақ бидің ел ішінде айтып жүрген үлгі билік-шешімдерінің қатарына мыналар жатады: «Ақтайлақ бидің кезінде, Төртауыл ауылымен қатарласа қонып, жаз жайлауы бірге жүретін Байжігіт ауылы жер шола көшіп, бұлақ суы көгалға келіп қонады.

Таңертең тұрған бай түнде ұрланып қонған көрші ауылды және сол ауылдың көгалда ойнап жүрген бір топ балаларын көреді. Ашуланған ол дереу байлаудағы атқа жайдақ міне сап, балаларға шауып келіп, “Кәне, кетіндер бұл жерден көгалды таптамай” деп тілдеп, қамшының астына алады.

Балалар тым-тырақай қаша жөнелгенде, біреуі отыра қалып, шапанын аударып жіберіп атты үркітеді. Ат шұғыл бұрылғанда қисайған байдың басынан бөркі көгалға ұшып түсіп, аттың алдынан көлденең домалап өтеді. Аң терісінен көмкеріліп тігілген бөріктен шошынған асау, тік қарғып мөңкігенде, бай аттан басымен құлап, сол жерде жан тапсырыпты.

“Аттандаған” екі ауыл ымыраға келмей, іс насырға шауып, ел арасы бұзылуға айналады. Ары-бері ақылдасып, дауды Ақтайлақ биге шештіруге келісім жасайды. Ақтайлақ болған оқиғаның мәнісін жете анықтап, екі ауылдың халқын түгел жиып былай деген екен:

- Байдың ауыл бұрын келіп қонғаны рас па?-дейді.
- Рас, – дейді барлығы.
- Бай таңертең көгалда ойнаған балаларды атқа міне қуғаны рас па?
- Рас.

- Үріккен аттан байдың бөркі ұшып түсіп, Одан атқа шошынып қарғып, бай жығылып өлгені рас па?  
- Рас, - дейді жиылған жұрт.

Сонда Ақтайлақ би “Ендеше билігімді тыңдаңдар!” – деп қолын көтереді:

- Бай бұл елдің арқа сүйер азаматы, осы ауылдың ағасы еді. Отауына құт, әулетіне береке, ауылына беделді ер еді. Ердің – екі елу, құнына жүз тайлақ кесемін. Бірақ бұл тайлақтардың төлемін төрт тентекке бөлін беремін. Бірінші тентек байдың өзі - баламен бала болмай, арғы ауылдың көшіріп әкелген үлкендеріне бару керек еді. Сондықтан 25-сін бай ауылына кесемін. Екінші тентек – байдың атын үркіткен балаға кесемін, ол өйтпесе байдың бөркі басынан ұшып түспес еді, 25-сін сол төлесін! 25 тайлақты – үшінші тентек-байдың бөркіне кесемін, көлденең домаламаса байдың аты секірімес еді. Төртіншісін бай мінген тентек асауға кесемін, ол тік қарғып жықпаса бай өлмесе еді. Осымен билік бітті, – деген екен

Ақтайлақ бидің бұл билігіне разы болған екі жақ үндемей тарасқан көрінеді» [4, 500-501 бб.]. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы үлгілі билік-шешімдер тек қана қазақ хандығының бой көтерген кезеңнен бастау алмайды. Үлгілі билік айту жүйесі арғы қазақ тарихына барып тіреледі. Оның озық үлгілерін кезіндегі ғұндар дәуіріндегі сот жүргізу ісінен көреміз. Үйсін мемлекеті тұсындағы белгілі құн, билердің барлығы көп жағдайда осы бір билік жүргізу дәстүрін одан әрі түрлендіре, дамыта түскен болатын. Билік айту ісіндегі дәстүрлі жол қанша ғасырлар өтсе де, өзінің өміршеңдігін көретіп, тарих көшінен қалмай жалғасып келді. Қазақ хандығы тұсындағы прецеденттік құқық құқықтық жүйенің классикалық дамуының көрінісі болып табылды. Қазақ әдет құқығы жүйесіндегі үлгілі билік-шешімдердің көбісі, атдан – балаға мұра бола отыра, қазақ әдет құқығының соншама уақыт сақталуына негіз болып табылды.

Егер, үлгілі билік-шешімдер қазақ әдет құқығының қайнар көзіне айналмағанда, біз дәстүрлі қазақ құқығының осыншама, ғасырлық тұрақтылығын және өресінің кең болатындығын көре алмас едік.

#### ӘДЕБИЕТ

[1] Сапарғалиев Ф.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. 2 басылып, өнд, толықт. – Астана: Фолиант, 2011. – 360 б.

[2] Әлдібеков Ж.С. Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихы (дәрістер жинағы). – Алматы: Жеті жарғы, 2012. – 200 б.

[3] Қуандықов Б.Ж. Әйтеке бидің билік-шешімдері. – Алматы: Өркеніет, 2003. – 160 б.

[4] Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. / Бағдарлама жетекшісі С.З. Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. - Алматы: Жеті Жарғы, 2005. («Интеллектуал-Парасат» заң компаниясы). – 4. Т. - 525 б.

#### REFERENCES

[1] Sapargaliev F.S., Ibraeva A.S. Memleket zhәне құқық teoriyası: Oқулық. 2 basylyp, өнд, tolyqt. – Astana: Foliant, 2011. – 360 b.

[2] Äldibekov Zh.S. Qazaqstan Republikaıy memleket zhәне құқық tarihy (dәriстер zhinary). – Almaty: Zheti zharry, 2012. – 200 b.

[3] Quandykov B.Zh. Äjteke bidің bilik-sheshimderi. – Almaty: Örkeniet, 2003. – 160 b.

[4] Qazaqtıñ ata zaңdary: Qұzhattar, derekter zhәне zertteuler. 10 tomdyq. / Bagdarlama zhetekshisi S.Z. Zimanov. Qazaqsha, oryssha, tyrikshe, arylshynsha. - Almaty: Zheti Zharry, 2005. («Intellectual-Parasat» zaң kompaniıasy). – 4. T. - 525 b.

#### ВЛАСТНЫЕ РЕШЕНИЯ КАЗАХСКИХ БИЕВ

Д.А.Турсынқулова

кандидат юридических наук, доцент кафедры теории и истории государства и права,  
конституционного и административного права юридического факультета КазНУ имени аль-Фараби

**Ключевые слова:** обычай, правовой обычай, правовая цивилизация, судебный прецедент, право, закон, источники права.

**Аннотация.** В данной работе раскрывается система как один из основных источников традиционного права казахов и рассматривается его содержательная сторона. В статье также проанализирована сущность властных решений биев.

Автор статьи уделяет особое внимание на обеспеченность и реализованность данных решений. Основные выводы и положения автора могут быть использованы в развитии правового наследия казахского народа, в повышении роли казахского обычного права в современности.

Поступила 25.04.2016 г.